

Жезқазған қаласында азаматтарды тіркеуді жүргізу туралы

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 4 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 19 қаңтарда № 2933 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты өз әрекетін тоқтатты

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жезқазған қаласының әкімі **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. 2015 жылдың қантар-наурызында Қарағанды облысы Жезқазған қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасының әскерге шақыру участкесіне тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын, сондай-ақ жасы үлкен, бұрын тіркеуден өтпеген Қазақстан Республикасының ер жынысты азаматтарын тіркеуді ұйымдастыру.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Н.С. Орынбаевқа жүктелсін.
3. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жезқазған қаласының әкімі

Б. Ахметов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қарағанды облысы Жезқазған
қаласының қорғаныс істеріⁱ
жөніндегі
басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің
бастығы

C. Қасимов